

Для усиления эффективности борьбы с преступностью, размах деятельности которой в первые годы становления новой власти приобрел устрашающие размеры, большевики использовали материально-техническую и теоретическую базу дореволюционных правоохранительных учреждений.

В условиях однопартийной системы судебные и правоохранительные органы не могли стать самостоятельными учреждениями, защищающими свободу и справедливость в советском обществе. Постепенно они превратились в часть карательного аппарата. Многие правоохранительные органы стали наделяться внесудебными функциями.

Список литературы:

- 1 Биленко С.В. Советская милиция России: Организация советской милиции РСФСР и ее роль по охране революционного порядка (1917-1920).- М.: б.и., 1976. - 95 с.
- 2 Полиция Казахстана: Основные этапы становления и развития. /под ред. Мухамеджанова Б.А. – Караганда: Арко, 2005. - 300 с.
- 3 Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919-1920): Сборник документов. - Алматы: Гылым, 1993. - 277 с.
- 4 Исаев Г.И. Кадры милиции Казахстана в 20-х и начале 30-х годов XX столетия. // Отечественная история. – 2008, январь - 5. - № 1.
- 5 Ленин и ВЧК. Сборник документов (1917-1922) - М.: Политиздат, 1975. - 679 с.
- 6 Дзержинский Ф.Э. Избранные произведения (1897-1923). В 2-х томах - М.: Политиздат, 1977. – Т.1. - 494с.
- 7 Титов Ю.П. Создание ВЧК: ее правовое положение и деятельность.- М.: Издательство ВЮЗИ, 1981. - 61 с.
- 8 Из истории Всероссийской чрезвычайной комиссии (1917-1921). Сб. документов и материалов. - М.: Госполитиздат, 1958. - 511 с.
- 9 История государства и права Советского Казахстана (1917-1925). /под ред. Зиманова С.З., Биндера М.А. - Алма-Ата: АН КазССР, 1961.- Т.1. - 447 с.
- 10 Портнов В.П. ВЧК 1917-1922.- М.:Юридическая литература, 1987- 208 с.
- 11 Жалбуров Е.Т., Уразбаев Х.К. История становления Казахской милиции: в период с 1917 по 1940 гг. // Казахстанская полиция. 2008, июнь – 26. - № 6 (131)
- 12 Альдекеев А.А. История становления и развития органов прокуратуры Республики Казахстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 120с.
- 13 Ленин В.И. Полное собр.соч. - М.: Политиздат, 1982. - Т.45. - 729 с.
- 14 Ковалев И. История прокуратуры города Семипалатинска// Закон и время (общественно-политический, научно-правовой журнал). – 2005, апрель – № 4
- 15 Кабдушев Б. Бесславный конец славного сына // Фемида. Зан. – 1998. - № 10.
- 16 Сапарғалиев М.С. История народных судов Казахстана (1917-1965). - Алма-Ата: Казахстан, 1966. - 448 с.

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ-ТЕОРЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Шакирова А.Б., Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.
Шакен А.Ш., заң факультетінің студенті., Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тарихтан бізге мәлім ең бірінші антикалық интеграциялық форма ретінде б.д.д. 4 мың жыл бұрын солтүстік Месопатамиядағы ежелгі Саргон империясын айтуға болады. Содан бері интеграциялық үрдіс адам өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасқан. Адам өзі жалғыз өмір сүре алмайтын секілді қоғам да өзі оқшау өмір сүре алмайды. Міне, осы интеграциялық үрдістің бастамасы. Интеграция сөзінің ұғымы теориясына тоқталатын болсақ, интеграция термині алғашқы рет неміс және швед ғалымдарымен XX ғасырдың 30 жылдарында қолданылған болатын. Интеграция түсінігі қайта құру, қосылуды білдіретін *integratio* деген латын сөзінен шыққан. Интеграцияны топтық, әлеуметтік, этникааралық, мемлекетаралық деп бөлуге болады. Сонымен қатар әскери-саяси, ғылыми-техникалық, мәдени және т.б. и экономикалық интеграциялар болады. Осылардың ішіндегі

ең кең таралған түрі экономикалық интеграция. Дүниежүзілік шаруашылықтағы интеграциялық процестер дамуының жинақталған тәжірибесі экономикалық интеграцияның қалыптасу мерзімінің төрт кезеңнен өтетінін дәлелдейді:

1. Тарифтерді, тағы басқа шектеулерді жоя отырып, еркін сауда аймақтарын құру;
2. Саудада және еңбек пен капитал қозғалысында бірыңғай тарифтерді орнықтырып, кедендік одақ құру;
3. Қатысушы елдердің экономикалық саясатын үйлестіру арқылы ерікті экономикалық одақ құру;
4. Бірыңғай экономикалық саясат жүргізіп ортақ валюта жасау және ұлттық экономикалардың үстінен (наднациональный) қарап, реттейтін ұйым құру арқылы толық интеграцияға қол жеткізу.

Аймақтық интеграция екі деңгейде жүреді. Олар, өздерінің шаруашылық қызметінің барысында интеграциялық процестерге қатысатын жекелеген компаниялар деңгейі және бір топ елдердің еңбек пен капиталды үйлестіруге мақсатты түрде бағытталған қызметі барысында пайда болатын интеграцияның мемлекеттік деңгейі.

Экономикалық интеграция – бұл елдер арасындағы экономикалық іс-қимыл әрекет үдерісі, шаруашылық механизмін жақындатуды қарастыратын, елдер арасындағы органдармен келісіліп реттеу және мемлекет арасындағы келісімге келу түрі.

Экономикалық интеграция - кейбір өзіне тән белгілерімен сипатталады, ол өзара елдердің экономикалық байланыстарының басқа түрімен ерекшеленеді:

- ұлттық өндірістік процестердің (үдерістердің) өзара деңгей ену және шиеленісуі;
- өндірісте халықаралық мамандандыру және кооперациялау, ғылымда және техникада негізінен прогрессивтік түрлерін кең ауқымда дамыту;
- Экономикада қатысушы-елдердің құрылымының тереңірек өзгеруімен;
- Интеграциялық процессті тікелей бағытта реттеу, координациялық экономикалық стратегияны және саясатты әзірлеу;
- Интеграцияның кеңістік ауқымының аймақтықтығы, алғаш керек ететін алғышарт ел арасында пайда болады, яғни ол жерде тығыз шаруашылық байланыс орнатылған.

Мазмұны бойынша интеграция - шиеленіскен, өзара деңгей ену және елдер аймағында ұдайы өндірісті нығайту процесі. 1947 ж. әлемде 60-тан астам интеграциялық топтар құрылған, бұның барлығы біртұтас алғышарттармен анықталған.

Интеграцияның алғышарттары:

- интеграциялық елдердің нарықтық дәрежесінің жетілуі және экономикалық даму деңгейінің жақындастығы. Интеграция дамыған елдердің өнеркәсіптер арасында, немесе дамыған елдер арасында дамиды және ұласады;
- интеграциялық елдердің географиялық жақындығы - ол ортақ шекара және тарихта қалыптасқан экономикалық байланыс;
- экономикалық және басқада ортақ проблемалар- мемлекет алдында тұрған даму, қаржыландыру, экономиканы реттеу, саясаттық ынтымақтастық және т.б. Экономикалық интеграция – интеграциялық елдердің алдында тұрған шын, нақты проблемаларды шешуге бейім;
- демонстрациялық әсер. Интеграциялық бірлестік құрылған елдерде оң ілгерілеулер болады, (ол экономикалық өсу қарқынының жеделдеуі, инфляцияның төмендеуі, жұмыспен қамтушылықтың өсуі және т.б.) мұның барлығы басқа елдерге айрықша психологиялық ықпалын келтіреді. Демонстрациялық әсер бұрынғы СССР елдерде пайда болған, макроэкономикалық алғышарттары жоқ болсада, тезірек Еуропалық одақтың мүшесі болу үшін;
- домино әсері. Көптеген сол немесе басқа да аймақтағы елдер интеграциялық бірлестіктің мүшесі болады, басқа елдер, шекте қалған елдер кейбір қиыншылықты сынап, қайта бағдарлаумен байланысты елдердің экономикалық байланысын, бір-біріне топтастыру. Бұл интеграциялық шекте қалған елдерде сауданың азаюына алып келеді. Сонымен ол елдерде, интеграциялық бірлестікке кіруге мәжбүр болады.

Интеграция мәселесіне байланысты Барановский В.Г. былай деп түсінік береді: “Бөлек ерекше бөлшектердің біртұтастықпен байланысты жағдайы және осы процеске әкелетін жағдай”. Ол интеграцияның үш белгісін бөліп алуды ұсынады. Біріншіге, кейбір мемлекеттер арасында бар, осы мемлекеттерге тән, бір жақты байланыстар мен қатынастар жиынтығынан байланыстар мен қатынастарды бөлу, ерекшелеу жатады. Екінші белгісіне, интеграциялық үрдістерде жүзеге асыратын басқару, яғни интеграциялық тұтастықтағы негізделген қимылдар мен реттеушілік, осының барлығы жаңағы ағымдардың, оқиғалардың стихиялық дамуынан ерекшеленеді. Ал үшіншіне, интеграциялық кешендегі тұтастық пен құрылымдық бөлшектердің арақатынасы.

Әлеуметтік өмірге қолданылатын интеграция ұғымын, кең мағанада қарастырсақ, ол мәдени, экономикалық, саяси және басқа салаларды да қамтиды. Интеграциялық үрдістің саяси жақтарын зерттеу, түрлі мелекеттерде болатын ішкі және сыртқы саяси үрдістермен тығыз байланысты.

Интеграция ұғымының теориялық мағынасын сараптауға деген қажеттілік, Батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерімен байланысты. Жалпы, мемлекетаралық интеграция түрлі концепциялардың әдістемелік негізін ең бірінші Батыс Еуропадағы халықаралық экономикалық интеграция теориясының шарттары құрады [1, 15].

Ең бірінші аймақтық интеграция үрдісін теориялық тұрғыдан түсіндіруге тырысқандар 1950 жылғы неолибералистердің ағымында жұмыс істеген ғалымдар болды. (А.Предоль, В.Репке). Рынок концепциясына сүйене отырып, олар, интеграция деп бірнеше мемлекеттерді құрамына енгізетін біртұтас геоэкономикалық кеңістіктің құрылуы деді. Мұны жүзеге асыру үшін сыртқы сауда және валюта-қаржы сферасын мемлекеттік бақылаудан босату керек деп түсіндірді. Әлемдік даму ағымы, дамыған мемлекеттеді ұлттық мүдделерін тиімді қорғау формуласын іздеуге итермеледі. Неолибералистердің көзқарасы бойынша бұл жердегі маңызды нәрсе аймақтың ішінде біртұтас кедендік тәртіптің қызмет етуіне жағдай жасау және үшінші мемлекеттерге біртұтас әдіс, қатынас жасап шығару керек деп ұсынған.

Кедендік одақ 1957 жылы құрылған Еуропалық Экономикалық Қауымдастықтың теориялық концепциясы болды. 1960 жылы интеграция формасына деген әдістердің қайта қаралуы болды. Осыған байланысты ғалымдар арасында интеграциялық жүйенің шеңберін кеңейтуге деген қажеттілік туды. Кейбір зерттеушілердің жаңа бағытын шартты түрде “дирижистер” деп атады. Бұл ағымның жақтаушылары, интеграция үрдісін жүйелі түрде реттеу үшін ұлттық саяси-құқықтық институттар немесе институттар тобын құруды қолдады.

Әлемдік интеграциялық үрдістің даму динамикасы интеграция теориясының дирижистік бағытының 1966-1970 жылдарда күшеюіне жол ашты. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері – Р. Купер, Г.Мюрдаль, П.Стриптен, Я.Тринберген, А.Филип [2].

Интеграциялық үрдіс әлемде, аймақтарда, мемлекеттерде әр түрлі дамуда. Тарих көрсетіп отырғандай қала-мемлекеттерден де кеңірек саяси ұйымдарды құру қажеттілігі, антикалық әлемнің шаруашылық дамуындағы қажеттіліктердің арқасында дүниеге келді, яғни тауар өнімінің дамуы, аймақтар арасындағы экономикалық байланыс. Осы өзгерістер, дамулардың нәтижесінде Шығыс Жерорта теңізінде эллинистік мемлекет Римнің Италияны жаулап алуы Сирануз державасының дүниеге келуіне жол ашты. Жалпы интеграция және дезинтеграция экономикада, ғылымда, мәдениетте ауқымды прогрестерге алып келген. Егер де тарихқа үнілсек, біз көптеген мемлекеттердің, империялардың, державалардың құрылғанын, ал енді кейбіреулерінің күйрегенін көреміз. Бұл үрдістерді біз интеграция және дезинтеграция деп айта аламыз, бірақ бұл жердегі дезинтеграция тоқтап қалу немесе жоқ болып кетуді білдірмейді. Бұл жерде үрдіс өз шеңберінде қайталана бастайды, яғни бір спираль тәріздес, әр айналымда күшейе түседі. Мемлекет әлеуметтік интеграцияның бір түрі ретінде дүниеге келді. Әр түрлі халықтарды жаулау немесе күштеу негізінде біріктіру өз жемісін бермеді. Осы жолмен құрылған біршама ұзақ уақыт өмір сүрсе де сол мемлекеттердің ішіндегі халықтардың шаруашылық және мәдениетінің түрлілігі, олардың ұлттық сана-сезімдерінің жетіліп, дамуы, бұл жасанды құрылымның күйреуіне алып келетін. Осы жерде біз КСРО-ны мысал ретінде айтып кете аламыз. Біз білетіндей КСРО-ның құрамына кіретін халықтар күштеп осы құрылымға енгізілген. Бірақ уақыт өте келе бұл өз нәтижесін көрсетті. Біздің осыдан шығаратын түйініміз – қандай да болсын халық бір құрылымға жоғарыдан күштеп емес өз қолдауымен кіру қажет. Мұның мысалы ретінде тек КСРО емес, сонымен қатар Рим, Византия, Осман, Британия империяларының тағдырын айтуға болады.

Интеграция бұл белгілі бір жүйенің қозғалысы және дамуы үрдісі, мұнда қатысушылардың саны және өзара қатынасы күшейе түседі. Бір біріне қатынасында өзіндік кішірейді, ал дезинтеграция болса, интеграцияға қарама-қарсы, яғни қатысушылар саны азаяды, өзара қарым-қатынас әлсірейді, тарау, құлдырау, жайылу, бөліну, оқшаулану үрдісі. Бірақ дезинтеграция әр уақытта күйреу, жойылуды білдірмейді. Яғни кейбір жағдайларда интеграция үрдісті тоқтатушы ретінде немесе кері әсерін тигізуші ретінде болуы мүмкін. Интеграция әр уақытта дезинтеграция үрдісімен байланысты, бұл оның алғышарты немесе салдарлары болуы мүмкін [3].

Интеграциялық топтар ХХ ғасырдың екінші жартысында әлемнің түкпір-түкпірінде дүниеге келе бастады. Қазірде дүние жүзінде 30-ға жуық интеграциялық бірлестіктер бар. Осылардың ішінде ең ірілерінің бірі 40жылдан астам интеграциялық тарихы бар Еуропалық Одақ.

Кейбір кедергілерге қарамастан. Батыс Еуропадағы интеграциялық топ бірқатар ірі жобаларды жүзеге асыруда өзінің артықшылығын көрсетті. Осы жағдайдан терең әсер алған үшінші әлем

өздерінің экономикалық және саяси мәселелерін мемлекетаралық интеграция жолында шешуге тырысты.

Қазір бүкіл әлем интеграциялануға ұмтылуда. Техника, мәдениет, білім барлығы дерлік бір бірімен қабысуда. Адамзат басынан өткерген түрлі қиыншылықтар, жойқын соғыстар, тәртіп, жүйеге карамастан, бір бірімен тығыз қатынаспен бірігуге ұмтылуда. Мұның айқын айғағы ретінде Араб мемлекеттерінің Лигасы, Еуропалық Одақ, Оңтүстік Америка мемлекеттерінің бірлестігі, Азия Тынық мұхит аймағындағы елдер бір бірі арасындағы қатынастарды тереңдетіп, тиімді түрде саяси және экономикалық мәселелерді шешуге тырысып жатқандарын айтуға болады.

Тарихтан білетініміздей, әр кезеңде интеграция және ыдырау үрдістері жүріп отырған. Бірақ әр уақытта интеграция үрдістері басымырақ болған. Кейбір мемлекеттердің ұстанған оқшаулану саясаты, шаралары тиімсіз де жеміссіз болған. Сондықтан да Қазақстан Республикасының интеграцияға ұмтылуы тарихи заңды құбылыс. Бұл Қазақстан үшін тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды бағыт. Ең алдымен тұрақтылық болмаса, экономикалық реформалардың жемісті түрде жүзеге асуы екіталай. Қазақстан ТМД құрылған кезден бастап-ақ, Достастықтың тағдыры үшін айрықша жауапкершілік танытты. Қазақстан қол жеткізген уағдаластықтарды бұлжытпай іске асыруда жақтай отырып, ТМД-ға қатысушы елдердің интеграциясын тереңдету бағытын дәйекті түрде жүргізіп келеді. Достастыққа қатысты Қазақстан позициясының заңдылығы мен өміршеңдігін тәжірибе барысы дәлелдеді.

Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардағы интеграциялық үрдістер әлемнің даму тенденциясы мен заңдылықтарының негізі болып табылады. ХХІ ғасырда әлемдік және аймақтық мәселелерді бірлесе шешу интеграция мен ғаламдану үрдісінің талабымен байланысты болып отыр, яғни ешқандай мемлекет өз мәселелерін жеке шеше алмайтындығын түсінуде. Осы тұрғыда біздің де мемлекетімізде болып жатқан даму үрдістерінің жайдан-жай туындамағанын түсінуіміз қажет.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, енді жаңа тәуелсіз мемлекеттер алдында күрделі таңдау тұрды. Олар: қол жеткізген тәуелсіздікке шүкіршілік ете отырып, оқшау қалу немесе Батыстың шикізат көзіне айналу, ал енді ең соңғысы бірлескен Еуропалық Одақты мысал ете отырып, интеграциялық байланыстарды күшейтіп, кеңестік аймақта әлемдік дамуда жаңа бір орталық құруды ойлады. Шындығында бүгінгі таңдағы бүкіл әлемді интеграциялық бірлестіктер, одақтар және топтарының жиынтығымен түсіндіруге болады. Қазіргі таңда әлемде интеграциялық ұйымдарға бірігу мемлекеттер арасында үрдіске айналып отырған сияқты. Біздің ел де даму сатысында осы жолды таңдағаны белгілі. Елбасы Жолдауындағы біз қосыламыз деп отырған, дамыған отыз мемлекеттің қай қайсысын алсақ та, барлығы бірнеше интеграциялық ұйымдарда мүшелікте. Мысалы, көптеген интеграциялық бірлестіктер ішінен Батыс Еуропада – Еуропалық одақты, Еуразия құрлығында – Тәуелсіз мемлекеттер достастығын атап кетуге болады. Мәселен, Тәуелсіз мемлекеттер достасты өз өмірі кезінде бірнеше кезеңнен өтті.

Бірінші кезең – 1991 мен 1993 жылдар аралығы. Одақтас Республикалар саяси тәуелсіздігін алады. Мемлекеттілігін қаржы-экономикалық, кеден шекара құрылымдарын бекіті. Бірақ олардың халықшаруашылық кешені біртұтас экономикалық кеңістікте, бір валютамен өз жұмысын жалғастырып отырды. Екінші кезең – 1993-1996 жылдар. ТМД мемлекеттері өздерінің саяси егемендігін нығайта түсті, өз беттерімен халықаралық қауымдастыққа кірді, өздерінің кеңес одағына кірмеген жақын көршілерімен шаруашылық байланыстарын орнатты. Ал Достастық шеңберінде бірге келісілген шешімдерге байланысты қатынастар ауырлай түсті. Себебі, көптеген келісілген заттар орындалмай қалады. Бірақ кейбір мемлекеттерде тығыз қатынастар орнатуға деген талпыныс байқалды, мысалға кеден одағы, Орталық Азиялық Экономикалық қауымдастық. Үшінші кезең 1997 жылдан басталады. Достастықтың бүкіл мүшелері дағдарысты мойындап, осы дағдарыстан шығу жолдары мен ортақ, мақсат-мүдде қарастыра бастады. Кейбір мемлекеттер, ғалымдар ТМД-н барлық атқарушы органдарын біріктіріп, бірінші орынға экономикалық ынтымақтастықты қоюды, еркін сауда, кеден, тарифтік зонасын құруды валюталық одақ идеясын ұсынды [4].

Интеграциялық ұйымдар мақсаттары әр түрде болуы мүмкін және олар көбінесе мүше мемлекеттердің осы ұйымдардағы ұстанатын саясатына да көп байланысты болады. Интеграциялық ұйымдар түрлеріне байланысты еркін экономикалық аймақ, кедендік одақ, жалпы нарық, экономикалық одақ, валюталық одақ және саяси одақ болып бөлінеді. Олар шекаралас мемлекеттер арасында және кейбір кездері шекарасы мүлде түйіспейтін мемлекеттер арасында да құрылуы мүмкін. Біріккен мемлекеттер ұйым шеңберінде интеграциялық дамудың әртүрлі сатыларынан өтіп, бертін келе ортақ шекара мен ортақ бір валюта қолданып, экономикалық ортақ саясат жүргізу мақсатында ортақ мемлекеттік басқару құрылымын қалыптастыратын ұйымдар да бар. Интеграцияға беталыс қазіргі кездегі халықаралық өмірге тән құбылыстардың біріне айналып келеді. Әлемдік

шаруашылық байланыстардың жаһандануы жағдайында интеграцияның мазмұндылығы одан сайын түрлене түсуде.

Интеграцияның терең негіздерін және алуан түрлі қасиеттерін айқындау үшін осы терминнің түбіріне көңіл аудару керек. Интеграция латынның «Integratio» сөзінен туындайды, оның аудармасы бөлшектелген бөліктердің бірігуі деген мағынаны береді. Бұл түсінік қоғамдық өмірдің әр алуан сфераларында қолданылады, сәйкесінше, әрбір жағдайда оның мағынасы да әр алуан болып келеді, жалпы алғанда, интеграция дегеніміз бөлшектелген бөліктердің бірігуі. Интеграциялық процестердің дамуы халықаралық тауар айырбасы мен оларды өндіретін факторлар қозғалысының артуының заңдылықты нәтижесі болып табылады. Шаруашылық өмірді интернационаландыру қазіргі дүниежүзілік шаруашылық дамуының жетекші мақсаты болып отыр. Бұл тенденцияны қайсыбір державаның немесе барынша жоғары дамыған елдер тобының ықпалындағы кең байтақ аймақтардың құрылуынан көреміз. Экономикасы қуатты мемлекеттер интеграциялық орталықты құрап, олардың төңірегіне басқа мемлекеттер топтасып, интеграциядағы елдер дүниежүзілік шаруашылық байланыстарындағы өзінше бір жүйе болып отыр. Интеграция бұл процеске қатысушы елдердің өндірісі мен капиталын интернационалдандыруды жеделдетуге жағдай жасайды. Шартты түрде экономикалық интеграцияға жетелейтін процесті мынадай тізбек арқылы көрсетуге болады: өндіргіш күштердің дамуы – халықаралық еңбек бөлінісі – өндіріс пен капиталды интернационалдандыру – интеграция. Әлемдік интеграцияға елеулі түрде екі фактор әсер етеді: оларға ғылыми-техникалық революция және трансұлттық корпорациялардың қызметі жатады. Интеграцияның неғұрлым толық дамуына Батыс Еуропа елдері қол жеткізді[5,21].

Қазақстан Республикасы КСРО ыдырағаннан кейін посткеңестік шеңбердегі көптеген интеграциялық бірлестіктердің құрылуына себепші болды. Біздің президентіміздің ТМД-ны құрудағы маңызы зор, тек ТМД-ны емес, Кедендік Одақ, Орталық Азиялық Экономикалық Қауымдастықтың құрылуына да Қазақстан көп күш-жігер жұмсаған. Көп жағдайда ТМД-ның өз ішіндегі түрлі күштер, интеграцияның қарсыластары ретінде бой көрсетті, өйткені интеграциялық үрдістер, егемендіктің бір бөлігін, экономикалық бірлестіктің тиімділігі үшін жоғарғы басқару органдарына беруді көздейді. Алайда, Достастықтың бірқатар елдерінің басшылығы әзірге мұндай іс-қимылдарға дайын емес, олардың егемендіктің өлшемдері туралы өз түсінігі бар. Дегенменде, біздің елдінде сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Көптеген себептерге байланысты Орталық Азия мен Қазақстан аймағы әлем саясатында қазіргі кезде ерекше назарға ие. Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі трансұлттық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Осы ретте еліміздің болашақта даму мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағытталып отыр. Бұл тұрғыда 2006 - 2007 жылдары аталмыш мемлекеттермен және аймақтармен екі жақты байланыс едәуір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссел, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исингарин Н. Проблемы интеграции в СНГ. - Алматы, 1998. – 39 с.
2. Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика. - Алматы, 2000. – 251 с.

3. Назарбаев Н.А. Сындарлы он жыл. - Алматы, 2003. – 89 с.
4. Назарбаева Д.Н. Взаимодействие стран – членов СНГ и проблемы интеграции. Алматы, 1998. – 145 с.
5. Токаев К.К. Дипломатия Казахстана. - Алматы, 2002. – 76 с.

ПРИСЯГА КАК НЕОТЪЕМЛЕМЫЙ ИНСТИТУТ ОБЫЧНОГО ПРАВА КАЗАХОВ: ИСТОРИКО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ

*Кожяхметов Г.З., д.ю.н., профессор КарГУ им. Е.А. Букетова
Бектурганова Г.Б., магистрант юридического факультета КарГУ им. Е.А. Букетова*

Обычное право казахов всегда являлось объектом исследования не только юристов, но и историков, археологов, социологов, политологов и других ученых, каждый из которых находили в нем новые грани правового быта казахской кочевой культуры. В этом отношении институт присяги, как впрочем, и институт «Куна», «Барымты» и др., имеет свое важное место в нормах Адата и представляет большой научный и практический интерес. В данной статье мы попытаемся проследить становление этого института, показать его особенности и значение для развития казахского кочевого общества.

Присяга – это активно развивающееся в настоящее время юридическое явление, которое находит отражение во многих отраслях действующего казахстанского права. Постепенно развиваясь, она выходит на такой уровень развития, когда явление приобретает общетеоретическое значение. XVIII и особенно XIX век богаты необходимыми материалами по истории суда биев, процессуальному обычному праву казахов и его центральному институту – институту судебной присяги. Институт присяги занимал одно из центральных мест во всей системе обычного права казахов, но особую роль он играл в процессуальном праве. Суд биев на всем протяжении своего существования всегда пользовался, в необходимых случаях, приведением к судебной присяге, как к одному из самых важных видов судебного доказывания. В делах, где имелись достоверные свидетельские показания, другие веские доказательства, присяга обычно не принималась, но в то же время, во всех других делах, где свидетельских показаний было недостаточно или свидетели не вызывали достаточного доверия по тем или иным мотивам, присяга, действительно, являлась важнейшим и единственным видом судебных доказательств.

Естественно, что применение такого важного средства доказывания, как судебная присяга нуждалось в правовом регулировании, однообразном и правильном применении по различным регионам Казахстана, по видам судебных дел и другим важным обстоятельствам судебного процесса.

На первоначальном историческом этапе становления всей системы обычного права казахов и его процессуального права нормотворчеством и нормоприменением занимались единоличные бии. Нормы обычного права, сформулированные ими, сохранились лишь в изложении жизнеописания и деятельности этих великих биев. Выявить отдельные правовые нормы из этих разрозненных жизнеописаний, легенд и сказаний в настоящее время не предоставляется возможным, так как эти важнейшие сведения по обычному праву казахов никем не записывались и находятся в основном в фольклорных источниках, материалах этнографических исследований. Вместе с тем эти материалы все же дают общие сведения о судебном процессе в обычном праве казахов и институте присяги, существовавших в средние века и в более ранних периодах истории Казахстана.

Бии сами регулировали применение института присяги, но существовали и общеупотребительные нормы, которыми одинаково руководствовались в различных жузах. Как правило эти нормы не записывались самими биями, за исключением рукописи известного бия аргынов из рода Қаңжығалы Саққұлақ, внука знаменитого Богенбай-батыра.

В варианте «ЖетіЖарғы» Саққұлақбия содержится сразу несколько правовых норм, регламентирующих институт присяги: для расследования преступлений привлекаются свидетели в количестве не менее двух или трех человек; в случае отсутствия свидетелей применяется принятие присяги и дача клятвы; присяга принимается только от известных в народе честных и справедливых людей; присяга не принимается от истца, ответчика, а также от несовершеннолетних, кулов, работников, душевно больных и женщин; султаны могут заменять свидетелей без обязательного принятия присяги; принятие присяги осуществляется в присутствии бия или муллы вблизи погребений предков или в других священных местах; в случае супружеской измены, если муж не видел, а только слышал о ней, возможно предъявление иска о предании смерти обоим прелюбодеям.